

PIRLS-2021 ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН НӘТИЖЕЛЕРІ

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ҰЗББО» АҚ



TALDAU

Ұлттық зерттеулер және
білімді бағалау
орталығы

Астана қ, 2023

Вебинар бағдарламасы

Уақыт	Тақырып	Баяндамашылар
10:00	«А. Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» Ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ Халықаралық салыстырмалы зерттеулер департаменті директоры орынбасарының алғы сөзі	Сыздықбаева Р.С.
10:05	PIRLS-2021 зерттеуі жайында	Сманова Н.Қ.
10:20	PIRLS-2021 зерттеуіндегі Қазақстанның негізгі нәтижелері	Сыздықбаева Р.С.
10:35	Қазақстан нәтижелеріне ықпал ететін факторлар	Сыздықбаева Р.С.
10:50	PIRLS-2021 мәтіндерін талдау	Сманова Н.Қ.
11:10	Негізгі қорытындылар мен ұсынымдар	Сманова Н.Қ.
11:15-11:30	Сұрақтар және талқылау	

PIRLS-ҚА ҚЫСҚАША ШОЛУ

PIRLS әлемнің 60-тан астам елдеріндегі бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді оқу және түсіну деңгейін және сапасын бағалайды.



IEA

Үйлестіруші: IEA Халықаралық білім беру жетістіктерін бағалау қауымдастығы



Бағалау саласы: мәтінді оқу және түсіну



Қатысушылар: 4-сынып оқушылары, ата-аналар, мұғалімдер, мектеп басшылығы



Формат: қағаз түрінде және компьютерде (онлайн, USB)



Цикл: әр 5 жыл сайын

PIRLS 2021 ерекшеліктері

- Зерттеудің 5-циклі (ҚР үшін – екінші)
- 65 ел мен жеке аймақ қатысты
- Өткізу мерзімі – 2021 ж. қыркүйек-қазан
- Қазақстан атынан 17 өңірден 389 мектептің 10 мыңнан астам оқушысы қатысты
- Іріктеменің 2/3 бөлігі (7 023 оқушылар) бірінші рет компьютерлік форматта қатысты
- ТМД елдерінің арасынан Өзбекстан бірінші рет қағаз форматта қатысты
- ҚР-да алғаш рет компьютерлік формат аясында Интернетте оқу дағдысы (ePIRLS) бағаланды



Зерттеу аясы

PIRLS-2021 аясында **оқу сауаттылығы** «қоғам талап ететін және/немесе жеке тұлғаға қажетті жазбаша тілдің түрлерін түсіну және қолдану қабілеті» ретінде анықталады. (Mullis және т.б., 2019).

Бағаланатын оқу мақсаттары	Тапсырмалар үлесі
Әдеби оқу дағдысының қалыптасуы	50%
Ақпаратты игеру әрі пайдалану	50%


ePIRLS бойынша ақпаратты игеру әрі пайдалану	100%
--	------

Бағаланатын оқу дағдылары	Тапсырмалар үлесі
Анық түрде берілген ақпаратты табу	20%
Тікелей қорытындыларды тұжырымдау	30%
Идея мен ақпаратты түсіндіру және біріктіру	30%
Мәтін мазмұны мен элементтерін бағалау және оларға сыни тұрғыдан қарау	20%

PIRLS-2021 БАҒАЛАНАТЫН ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫ

Оқу дағдылары	Тапсырмалар
Анық түрде берілген ақпаратты табу	<ul style="list-style-type: none">• Оқудың нақты мақсатына сәйкес ақпаратты табу және игеру;• Нақты идеяларды іздеу;• Сөздердің не сөз тіркестерінің анықтамаларын іздеу;• Оқиғаның мән-жайын анықтау (мысалы, уақыт пен мекен);• Тақырыптық сөйлемді немесе негізгі идеяны табу (егер олар айқын тұжырымдалған болса);• Графикалық кескіндерден нақты ақпаратты табу (мысалы, графиктен, кестеден немесе картадан).
Тікелей қорытындыларды тұжырымдау	<ul style="list-style-type: none">• Бір оқиға екінші оқиғаны тудырғаны туралы қорытынды тұжырымдау;• Кейіпкер әрекетінің себебін көрсету;• Екі кейіпкер арасындағы қарым-қатынасты сипаттау;• Мәтіннің немесе веб-сайттың қай бөлімі белгілі бір мақсатқа жетуге көмектесетінін анықтау.
Идея мен ақпаратты түсіндіру және біріктіру	<ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің жалпы жолдауын не тақырыбын тану;• Кейіпкер әрекетінің баламаларын қарастыру;• Әңгіменің райын не сарынын анықтау;• Мәтіндік ақпараттың нақты қолданылуын түсіндіру;• Мәтіндерде немесе веб-сайттарда және олардың ортасында ұсынылған ақпаратты салыстыру.
Мәтін мазмұны мен элементтерін бағалау және оларға сыни тұрғыдан қарау	<ul style="list-style-type: none">• Мәтіндегі ақпараттың толықтығын не анықтығын бағалау;• Сипатталған оқиғалардың іс жүзінде орын алу ықтималдығын бағалау;• Автордың дәлелі адамдардың не ойлап, не істейтінін өзгерту ықтималдығын бағалау;• Мәтін атауы негізгі тақырыпты қаншалықты жақсы ашатынын бағалау;• Метафора не екіпін сияқты тіл ерекшеліктерінің әсерін сипаттау;• Мәтіндегі немесе веб-сайттағы графикалық элементтердің әсерін сипаттау;• Мәтіннің немесе веб-сайттың көзқарасын немесе біржақтылығын анықтау;• Веб-сайтта ақпаратты табудың жеңілдігін бағалау;• Веб-сайттағы ақпараттың сенімділігін бағалау.

2023 ЖЫЛҒЫ 16 МАМЫРДА IEA PIRLS-2021 НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ



Launch of PIRLS 2021 International Report and Results
Tuesday, 16 May 2023 at 10:00 – 12:00 CEST

Agenda

- 10:00 Welcome Address, Dr. Thierry Rocher
- 10:10 Highlights from the PIRLS 2021 International Report and Results, Dr. Ina V.S. Mullis & Prof. Matthias von Davier
- 10:40 Key Takeaways for Policy and Practice, Dr. Dirk Hastedt
- 10:50 Q&A
- 11:00 Short Break
- 11:10 Panel Discussion: What can countries learn from PIRLS 2021?

Mar Puigbert

20 YEARS PIRLS



<https://pirls2021.org/>

PIRLS-2021 ЗЕРТТЕУІНІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Әлем бойынша



400 мың оқушы



13 мың мектеп

Қазақстан бойынша



10 230 бесінші сынып оқушылары



389 мектеп

	DigitalPIRLS		Bridge Booklets	
	Мектеп саны	Оқушылар саны	Мектеп саны	Оқушылар саны
Барлығы	267	7023	122	3207
Астана қ.	8	287	4	150
Алматы қ.	12	375	4	146
Шымкент қ.	10	345	3	96
Ақмола обл.	16	442	8	197
Ақтөбе обл.	15	405	8	246
Алматы обл.	22	712	8	278
Атырау обл.	16	433	8	211
Шығыс Қазақстан обл.	16	353	8	185
Жамбыл обл.	16	404	8	251
Батыс Қазақстан обл.	16	360	8	148
Қарағанды обл.	16	386	8	204
Қостанай обл.	16	372	8	163
Қызылорда обл.	16	402	8	201
Маңғыстау обл.	16	470	8	210
Павлодар обл.	16	375	8	195
Солтүстік Қазақстан обл.	16	306	8	140
Түркістан обл.	24	596	7	186

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНТЕКСТЕГІ ҚАЗАҚСТАН НӘТИЖЕЛЕРІ

Орын	Ел	Балл
1	Сингапур	587
2 ◇	Ирландия	577
3	Гонконг (САР)	573
4	Ресей Федерациясы	567
5 ◇	Солтүстік Ирландия	566
6 ∞	Англия	558
7 ◇	Хорватия	557
8 ◇	Литва	552
9	Финляндия	549
10	Польша	549
11 ◇	АҚШ	548
12	Қытайлық Тайбэй	544
13	Швеция	544
14 ∞	Аустралия	540
15	Болгария	540

Орын	Ел	Балл
33	Сербия	514
34	Албания	513
35	Кипр	511
36	Бельгия (фламанд.)	511
37 ∞	Израиль	510
38 ◇	Қазақстан	504
	PIRLS шкаласының орташа мәні	500
39	Түркия	496
40	Бельгия (Франц.)	494
41 ◇	Грузия	494
48	Әзірбайжан	440
49	Өзбекстан	437
55	Мысыр	378
56 ◇	Марокко	372
57 ∞	Оңтүстік Африка	288

Ескерту:

◇ – PIRLS зерттеуі 2021 жылдың екінші жартысында оқушылар 5-сыныпқа көшкен кезде өткізілген елдер

∞ – зерттеу бастапқыда жоспарланғаннан бір жылдан кейін (4-сынып оқушылары үшін) өткізілген елдер


Қағаз форматындағы зерттеуге 31 ел, соның ішінде Грузия, Өзбекстан, Әзірбайжан қатысты.

ЦИКЛ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР (PIRLS 2016 - PIRLS 2021)

↑ 9 елде өсім

▬ 12 елде өзгеріс жоқ

↓ 24 елде төмендеу



КҮРДЕЛІЛІК ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР


Қазақстандық оқушылардың негізгі үлесі (39%) оқуды түсінудің **орташа** деңгейін, 24% - жоғары деңгейін көрсетті

Мәтіннің әртүрлі бөліктеріндегі және веб-сайттар арасындағы күрделі ақпарат туралы қорытынды жасайды; сюжеттік оқиғалар мен кейіпкер әрекеттерін біріктіреді және түсіндіреді; мәтіндік, көрнекі және интерактивті элементтердің мағынасын бағалайды.

Мәтіндегі маңызды хабарламаларды түсінеді; салыстыру, сипаттау, болжау үшін қорытындылар жасайды; мәтіндік және көрнекі ақпаратты байланыстырып, түсіндіре алады; мәтіннің мазмұнымен қатар, формасын да бағалайды; мәтіннің кейбір тілдік ерекшеліктеріне назар аударады.

Мәтіннен нақты көрсетілген ақпаратты таба алады, соның негізінде тұжырым жасайды; дәлелдерді айқындап, мысал келтіреді; кейіпкер іс-әрекетінің немесе сезімінің себебін түсіндіреді.


Мәтіннен анық хабарланған және оңай табылатын ақпаратты оқи алады; оқиға нәтижесінің себептері туралы қарапайым қорытындылар жасайды.



КҮРДЕЛІЛІК ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР

91% оқушы мәтінді түсінудің **ең шекті деңгейінен** асты.

Қатысушы елдердің көпшілігі бастауыш сыныптағы жалпыға бірдей базалық сауаттылық деңгейіне жақын.




КҮРДЕЛІЛІК ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР ДИНАМИКАСЫ

Қазақстанда күрделіліктің жоғары деңгейіне жеткен оқушылардың үлесі 2016 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеді (- 3% – ілгері, -11% – жоғары).



ЗЕРТТЕУ ФОРМАТЫ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР

Қағазға негізделген тесттің (Bridge Booklets) орташа балы цифрлық форматтың (digitalPIRLS) орташа балынан статистикалық тұрғыдан **ерекшеленбейді**. Буклет түрлері бойынша да айтарлықтай айырмашылық байқалмайды.




digitalPIRLS буклеттері – цифрлық форматтың 2 тапсырмасы

ePIRLS буклеттері – симуляциялық интернет-ортадағы 2 оқу жобасы

Гибридті буклеттер – 1 digitalPIRLS тапсырмасы және 1 ePIRLS тапсырмасы.

ӨҢІР НӘТИЖЕЛЕРІ


Төрт өңірдің нәтижелері РҚ орташа мәнінен статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары.
Ең төменгі көрсеткіштер Түркістан, Атырау және Маңғыстау облыстарында байқалды.



ӨҢІР НӘТИЖЕЛЕРІ

Тапсырмаларды **жоғары деңгейде** орындаған оқушылардың басым бөлігі Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында оқиды.

Ең төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындай алмаған оқушылар барлық өңірде кездеседі.



PIRLS 2021 ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

Жағдай: алшақтық қала мектептерінің пайдасына **21** баллды құрады

Тренд: 2016 жылмен салыстырғанда, алшақтық **11** баллға ұлғайды

ОҚЫТУ ТІЛІ




Жағдай: алшақтық орыс тілінде оқытатын мектептердің пайдасына **53** баллды құрады

Тренд: 2016 жылмен салыстырғанда, алшақтық **23** баллға ұлғайды

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГЕНДЕРІ


Жағдай: алшақтық қыздардың пайдасына **17** баллды құрады

Тренд: 2016 жылмен салыстырғанда, алшақтық **6** баллға ұлғайды



ӘРТҮРЛІ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР


Қазақстандық оқушылары ақпараттық мәтінмен салыстырғанда, **әдеби** мәтінмен (+7 балл) жұмыс жасағанда едәуір жоғары көрсеткіштер көрсетеді.



ӘДЕБИ МӘТІН БОЙЫНША 2016 және 2021 жж. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

Әдеби оқу бойынша көрсеткіштер 19 баллға статистикалық мәнді түрде төмендеді.


Осындай үрдіс Ресейде, Финляндияда, Польшада, Қытайлық Тайбэйде, Әзірбайжанда және т.б. байқалады.



АҚПАРАТТЫҚ МӘТІН БОЙЫНША 2016 және 2021 жж. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ


Қатысушы елдер арасында Қазақстан ақпараттық мәтін бойынша көрсеткіштер ең көп төмендеген (-43) елдердің қатарында.

Үш көшбасшы елде және бірқатар араб елдерінде ғана оқудың бұл түрі бойынша оң үрдіс байқалады.



ТҮСІНУ ҮДЕРІСТЕРІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР

Қазақстандық оқушылар мәтінді түсіндіру, біріктіру және бағалауға қарағанда, **ақпаратты табу және қорытындыларды тұжырымдау (+3 балл)** кезінде жоғары көрсеткіштер көрсетеді.



PIRLS 2021 НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР




20 YEARS
PIRLS




ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

ӘӘЖ деңгейі жоғары қазақстандық оқушылардың нәтижелері ӘӘЖ төмен отбасылардан шыққан оқушылармен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан айтарлықтай **жоғары**. Дегенмен, бұл айырмашылық (51 балл) PIRLS-2021 қатысушы елдерінің орташа көрсеткішінен (86 балл) айтарлықтай төмен.




ОҚУШЫЛАРДЫҢ КІТАП ОҚУҒА КӨЗҚАРАСЫ

2021 жылы кітап оқуды қатты ұнататын қазақстандық оқушылардың үлесі 2016 жылмен салыстырғанда 18%-ға азайды. Тек Сингапур, Қытай Тайбэйі, Германия, Сауд Арабиясы, Марокко, Катар және Бельгияның Фламанд қауымдастығы шамалы оң динамика көрсетіп отыр. Барлық елдерде көп кітап оқығанды ұнататынын айтқан қыздардың пайызы (орта есеппен 46%) ұлдарға қарағанда жоғары (орта есеппен 37%).




АТА-АНАЛАРДЫҢ КІТАП ОҚУҒА КӨЗҚАРАСЫ

Қазақстанда ата-анасы кітап оқуды өту жақсы көретін оқушылардың үлесі халықаралық орташа деңгейден екі есеге аз. PIRLS-2016-мен салыстырғанда бұл көрсеткіш 9%-ға төмендеген.




МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КІТАП ОҚУҒА КӨЗҚАРАСЫ

Қазақстандық оқушылардың 70%-ына сабақ беретін мұғалімдер күн сайын немесе күн сайын дерлік бос уақытында кітапты сүйіп оқиды. Сингапур, Гонконг, Англия, Солтүстік Ирландия сияқты жетекші елдерде мұндай оқушылардың үлесі жартысынан да аз.



PIRLS КОНТЕКСТІНДЕ ОҚУҒА ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

4-сынып оқушыларының 90%-дан астамына сабақ беретін мұғалімдер оқушылардан мәтіннің **негізгі идеясын** анықтауды және мәтіннен **ақпаратты табуды** үнемі сұрайды. Мұғалімдер онлайн ақпаратты оқуға байланысты тапсырмаларды сирек береді (30% - дан астам), бірақ халықаралық салыстыруда бұл мән екі және үш есе жоғары.



PIRLS КОНТЕКСТІНДЕ ОҚУҒА ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ


Сыныптағы ең кеңінен таралған оқу материалы – қысқа әдеби мәтіндер. Ақпараттық материалдардың ішінде оқушылар диаграммалар, карталар, иллюстрациялар, фотосуреттер және кестелер бар мәтіндерді жиі оқиды, ал ең аз дегенде ғылыми-көпшілік жанрдағы кітаптарды оқиды.

Оқу материалдары	Күн сайын немесе күн сайын дерлік	Аптасына 1-2 рет	Айына 1-2 рет	Ешқашан, ешқашан дерлік
Әдебиеттік оқу материалдары				
Қысқа әңгімелер (мысалы, ертегілер, оқиғалар, шытырман оқиғалар, фантастика, детективтер)	56%	41%	3%	0%
Тараулары бар көркем әдебиет кітаптары	24%	55%	20%	1%
Пьесалар	4%	25%	54%	16%
Өлеңдер/поэзия	32%	51%	16%	1%
Ақпараттық оқу материалдары				
Ғылыми-көпшілік жанрдағы кітаптар немесе оқулықтар	37%	43%	17%	3%
Тараулардан тұратын ғылыми-көпшілік жанрдағы кітаптар	11%	44%	38%	8%
Ғылыми-көпшілік мақалалар (мысалы, газет мақалалары, брошюралар)	18%	42%	36%	4%
Ақпарат фрагменттерінен тұратын мәтіндер (мысалы, диаграммалар, карталар, иллюстрациялар, фотосуреттер, кестелер)	44%	35%	19%	3%

ОҚУ РЕСУРСТАРЫ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қазақстандық оқушылардың төрттен үш бөлігі Оқу сабақтарында компьютерлерге, ноутбуктерге немесе планшеттерге қол жеткізе алды (елдер бойынша орташа көрсеткіш – 55%).

Бұл көрсеткіш 2021 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 27%-ға өсті.



ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОМПЬЮТЕРДІ, ПЛАНШЕТТЕРДІ НЕМЕСЕ СМАРТФОНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУЫ

Цифрлы құрылғыларды пайдалану туралы мәлімдемелермен толық келісетін және мүлдем келіспейтін оқушылардың балдары арасында статистикалық мәні бар айырмашылық бар.

Көрсеткіштердегі ең үлкен алшақтық (60-тан астам) **теру, интернеттен ақпаратты табу және цифрлық құрылғыларды пайдалану** мүмкіндігінде байқалады.



МЕКТЕПТЕГІ ТӘРТІП ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК


Мектептің төртінші сынып оқушылары арасында жиі кездесетін тәртіп пен қауіпсіздік мәселелеріне **балағат** сөздер айту, **сабаққа келмеу**, **сыныптағы тәртіпсіздік** және **көшіру** жатады.

5-сынып оқушыларының арасында жиі кездесетін буллинг түрлері – келемеждеу, ойынға қатыстырмау, өсек-аяң тарату. Әрбір бесінші оқушы кем дегенде ай сайын немесе апта сайын физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырайды.

Директор сауалнамасы:
«маңызды» және «орташа» проблема



Оқушы сауалнамасы



PIRLS-2021 мәтіндерін талдау





Бос құмыра

Элейн Л. Линди баяндаған

Дженнифер Мохер иллюстриясымен

Қытай императоры тақ мұрагерін таңдау үшін байқау жариялайды. Император қарт адам, балалары да жоқ болатын. Өсімдіктерді жақсы көретін император кез-келген бала сарайға келіп бір дән алсын деп жариялайды. Алты айдың ішінде ең үздік нәтиже көрсеткен бала байқауда жеңіске жетеді және император болатыны айтады.

Халықтың қуанышында шек болмады! Дәндер таратылатын күні тақтан үміттенген мыңдаған балалар император сарайына жиналды. Әр бала қолында бір бағасыз мүмкіндікпен үйіне оралды.



Сол балалардың арасында Джун да болатын. Оны жұртшылық ауылдағы ең үздік бағбан ретінде білетін. Көршілері Джунның бақшасынан қауын, орамжапырақ, бұрыштан қуана дәм тататын. Джун Императордың дәнін қолында құлатып, езіп алмау үшін қатты қыспай, абайлап ұстап әкеледі.



Үйіне келген соң Джун гүл отырғызатын құмыраның түбіне ірі тастарды салып, оның үстіне жұмыр тас қойып, содан соң, құнарлы дымқыл топырақпен толтырады. Дәнді топырақ бетінен 2 сантиметрдей тереңдікке егіп, үстін жеңіл топырақпен жабады. Кейінгі бірнеше күн бойы Джун, басқа балалар сияқты, құмырасына күнде су құйып, алғашқы жапырақтың пайда болғанын күтеді.

Чеун Джунның ауылында дәнінің өскенін жариялаған алғашқы бала болды. Чеунды барлығы құттықтай бастады. Ол өзінің міндетті түрде келесі император болатынын айтып, өзінен жасы кіші балаларға бұйыру арқылы императорлық дағдыларын жаттықтыра бастады. Минг құмырасында өсімдігі өсе бастаған келесі бала болды, одан соң Вонг та жақсы жаңалықты хабарлады. Джун қатты қобалжыды – бұл балалардың ешқайсысы өсімдіктерді дәл Джун сияқты өсіре алмайтын! Бірақ, Джунның дәні өспеді.

Біраз уақыт өткен соң, бүкіл ауылда өсімдіктер пайда бола бастады. Балалар құмыраларының кездейсоқ немесе қасақана құлап қалмауы үшін олардың айналасына қоршаулар құрды. Тез арада Джунның ауылындағы құмыраларда бүршіктер жарып, алғашқы жапырақтар пайда бола бастады. Джунның дәні өскен жоқ. Ол абдырап қалды – неге былай болып жатыр? Джун өзінің дәнін бақшасындағы ең құнарлы топырақты салып, жаңа құмыраға отырғызды. Ол топырақтың әрбір шөкімін ұсақтап бөлді. Содан соң, абайлап дәнді отырғызды, бетін күнде суландырып, күн сайын бақылап отырды. Бірақ, Джунның дәні өспеді.

Джунның ауылындағы басқа балалардың құмыраларынан аз уақыттың ішінде қуатты сабақтар өсіп шықты. Басқа балалар Джунның үстінен күлді.



Сарайға апаратын жолда үлкен өсімдіктері бар құмыраларды алып бара жатқан қуанышты балалардың қасында ұяттан қызарған Джун бос құмырасын апара жатты.

Сарайда балалар өздерінің жайқалған өсімдіктерімен бірге қатарға тұрып, бағалауын күтіп тұрды. Жібек шапанға оранған Император үміттен көзі жайнаған балалардың алдына келіп, әр өсімдікті күрсіне қарап шықты. Джунның қасына келгенде ол қабағын одан да қатты түйіп сұрады: «Мынау не? Сен маған бос құмыра әкелдің бе?»



Алты ай өте шықты. Балаларға өсімдіктерін бағалау орнына апаратын күн келді. Балалардың барлығы құмыраларын жылтырата сүртіп, үлкен жапырақтарын мұқият алып тастады, ең әдемі киімдерін киіп сарайға беттеді. Ата-аналардың кейбіреулері өсімдікті құлап қалмауы үшін тік ұстап бара жатты.

«Мен не істеймін? Менің дәнім өспеді ғой! Құмырам бос!» - деп Джун ата-анасынан сұрады, терезеден басқа балалардың сарайға мақтанышпен дайындалып жатқанын көріп.

«Сен қолыңнан келгеніңнің бәрін жасадың», - деді әкесі, басын шайқап.

«Джун, императорға бос құмыранды алып бар», - деді анасы, «сен барынша тырысып бақтың».



Джун жылап жібермеу үшін қолынан келгенін жасады. «Ұлы Мәртебелім, мен қолымнан келгенді жасадым. Сіздің дәніңізді ең жақсы топыраққа ектім, күн сайын суарып, бақылап отырдым. Дән өспеген соң, оны жаңа топыраққа қайтадан ектім. Бірақ ол өспеді, кешірім сұраймын». Джун басын төмен түсірді.

«Хмм», - деді Император. Содан соң балалардың барлығы еститіндей дауыстап: «Мына балалардың дәндерін қайдан алғанын білмеймін. Мен берген дәндерден ештеңе өсуі мүмкін емес еді, өйткені ол дәндердің барлығы суда қайнатылған болатын!»

Сосын Император Джунге қарап күлімсіреді.

Қазақстандық оқушылар ақпаратты түсіндіруде, біріктіруде және бағалауда қиындықтарға тап болады.

	Бос құмыра	Ғажайып сегізаяқ
Сұрақ	16. Император Джунге не себепті күлімдеп қарады?	9. Жазушының ойынша, Сквирт жақсы сурет сала алады ма? Өз таңдауыңызды белгілеңіз. <input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ Мәтіннен мысал келтіріңіз.
Түсіну үрдісі	Түсіндіру және біріктіру	Бағалау және сынау
Дағдылар	Кейіпкердің жасырын ниетін түсіндіру арқылы оқиғаның сюжетін түсінгендігін көрсету.	Автордың ниетін білдіру үшін мәтін элементтері мен мазмұнын бағалау
Күрделілік деңгейі	Жоғары	Ілгері
Дұрыс жауап мысалдары	<ul style="list-style-type: none"> • Джун император болды. • Джун байқауда жеңіске жетті. • Джун гана адал болды. • Джун гана дәнді алмастырмады. • Джун алдамады. • Ол дұрыс жасады. • Императордың жоспары іске асты. 	<ul style="list-style-type: none"> • Иә. Менің ойымша, бұл - дұрыс жауап, өйткені олар картиналарды сатып, сол үшін ақша алды. • Иә. Картина біртүрлі көрінгенімен, бұл әдемі емес дегенді білдірмейді. Ол абстрактілі және өзгеше, ең бастысы сегізаяқ салған! Ол оны құнды деп ойлайды. • Жоқ. Автор оның өнерін ұнатпайды, өйткені ол «өнер туындысы» сөзін тырнақшаға алған. • Жоқ. Себебі автор сөзді тырнақшамен жазды. Мәтінде: «Ол бұны кенепке бояу шашырататын тетіктерді жылжыту арқылы іске асырған. Сосын оның «өнер туындысы»...».
Сипаттама	<p>Жауап Джунның байқауда жеңіске жеткенін/император болғанын түсінетіндігін көрсету қажет.</p> <p>Жауап императордың Джунның адалдығын мойындағанын көрсету қажет.</p> <p>Жауап императордың тақ мұрагері рөліне лайықты адамды табу жоспары іске асқанын көрсету қажет.</p>	<p>Жауап белгілі бір таңдауға негізделген бағалау мен түсініктемені қамтиды:</p> <p>"Иә" – автор Сквирт өнерін ақшаға сатуға болады деп санайды.</p> <p>"Жоқ" – автор «өнер туындысы» сөзін тырнақшаға алған.</p>
Толық балл алған оқушылардың пайызы	<p>ҚР – 42%</p> <p>Халықаралық орташа – 57%</p>	<p>ҚР – 30%</p> <p>Халықаралық орташа – 41%</p>



Ғажайып сегізаяқ

Сегізаяқтар – жұмыр денелі, көздері адырайған және сегіз ұзын қолдары бар теңіз жануарлары. Олардың сорғыштары бар қармауыштары өте мықты. Сегізаяқтар барлық мұхиттарда тіршілік етеді, бірақ жылы тропикалық суларды ерекше жақсы көреді. Сүйікті тамақтарын табу үшін олар көбіне мұхиттың түбінде мекендейді. Сегізаяқтар шаяндарды, асшаяндарды және ұсақ балықтарды жақсы көреді. Олар олжаларын сорғыштармен ұстап алып, ауыздарына салады.

Сегізаяқтар тастан жасалған жатақтарында жалғыз тіршілік етеді. Кейде өздерінің қауіпсіздігі үшін жатақтарына тіпті тас «есіктер» жасайды.



Сегізаяқ өз жатағының алдында.



Сегізаяқтың қауіптен құтылу мақсатында сия шашуы.



Сегізаяқ өзінің дақтарымен жыртқыштарды қорқытуда.

Қауіптен қашып құтылу

Сегізаяқтар қауіптен қашып құтыла алады, өйткені олар тез жүзеді және кез келген шабуылдаушыларға қою қара сиясын атқылай алады. Бұл қорғаныс оларға жылдам қашу үшін жеткілікті уақыт береді.

Оған қоса, сегізаяқтар шебер жасырына алады. Олар айналасындағы тастарға, құмдарға және маржандарға айналып кету үшін терісінің түсін алқызыл, көк, қоңыр немесе жасыл түске өзгертіп, көзге көрінбей кете алады. Сегізаяқтар балдырлармен қапталған дөңес жартасқа ұқсайды. Сонымен қатар, жеуге жарамсыз болып көріну үшін, олардың денесінде санаулы секунд ішінде әр түрлі дақтар, жолақтар мен таңбалар пайда бола алады.

Сегізаяқтар жартастар мен маржандардың жарықшақтарына жылп етіп тығылып қала алады. Олардың омыртқа жотасы болмайды. Шындап келгенде, сегізаяқтарда мүлдем сүйек жоқ. Сондықтан олар әрқашан жұмсақ. Сегізаяқтар сүйексіз болғандықтан, су секілді ағып, кіп-кішкентай жерге денесін сыйғыза алады. Оған қоса, олар күтпеген жерден пайда болатын қабілетке ие. Сегізаяқтар ұлу қабыршақтарынан, ғалымдардың су саймандарынан және теңізде қалған бөтелкелерден де табылған.



Ұлу қабыршақтарының астында тығылып жатқан сегізаяқ.

Сегізаяқтар кейде тығылып қалуға ұлу қабыршақтарын да пайдаланады. Олар ұлу қабыршақтарын сорғыштарымен өзіне жабыстырып алады. Содан соң өз денелерін сыртынан ұлу қабыршақтарымен қоршап алады. Сегізаяқтың жанынан өтіп бара жатқан жыртқыштар жай жатқан ұлу қабыршақтарының үйіндісі деп ойлап қалады.

Сегізаяқтарды іспен алдандыру

Адамдар сегізаяқтарды табиғи қоршаған ортасы бар океанариумдарда тамашалағанды ұнатады. Бірақ сегізаяқтар онда зерігеді, сондықтан океанариум жұмыскерлері оларды бос отырғызбау үшін әр түрлі амалдар ойлап табуға тырысады. Мысалы, олар сегізаяқтарға бөлшектеуге болатын алуан түрлі ойжұмбақтар мен ойыншықтар береді.



Өзінің аквариумында ойыншықпен ойнап отырған сегізаяқ.


Америка Құрама Штаттарындағы океанариумда Сэмми атты сегізаяқ екі бөлшегіп бұрап қосуға болатын пластик шарикпен ойнауды ұнатады. Қараушысы тамақты допқа салғаннан кейін, Сэмми оны ашып алады. Тамақтанып болған соң, екі бөлшекті қайтадан бұрап біріктіреді.

Әртүрлі әрекет жасауды үйрену

Фрида атты сегізаяқ Германиядағы океанариумда тіршілік етті. Ол қараушыларының тамақ салынған шыны банкаларды ашқанын бақылап, өз бетімен банкаларды ашуды үйренді. Қақпақты денесімен сығымдап, банканы қармауыштарымен қысу арқылы өзінің сүйексіз денесімен орап ашатын. Фрида тек шаяндар мен асшаяндар сияқты өзінің жақсы көретін тамақтары бар банкаларды ғана ашқан. Ол кәдімгі балықтар салынған банкаларды елемеген.



Фрида тамағы бар банкаларды ашуда.




Сквирт «өнер туындысын» жасауда.

Америка Құрама Штаттарындағы теңіз орталығында Сквирт атты сегізаяқ сурет салуды үйреніп алған. Ол бұны кенепке бояу шашырататын тетіктерді жылжыту арқылы іске асырған. Сосын оның «өнер туындысы» сегізаяқ аквариумына қызмет көрсетуге ақша жинау үшін сатылатын.

Өз қараушыларын тану

Ойыншықтар мен ойжұмбақтардан басқа, сегізаяқтарға қараушыларымен бірге ойнап уақыт өткізген ұнайды. Қараушылары оларды қоректендіруге және бастарынан сипауға келе жатқанын көргенде, олар толқығандарын көрсетіп, қызарып кетеді. Сегізаяқтар сондай-ақ қармауыштарымен тұрып және алға еңкейіп, өздерінің қараушыларын қарсы алу мүмкін. Қараушыларының назарын аудару үшін, олар өздерінің артқы «аяқтарымен» секіріп, қармауыштарын сермейтіні белгілі.

Сегізаяқтар тамақты қалай жақсы көрсе, көпшілікті солай жақсы көреді. Олар тамақтанып болғаннан кейін, қармауыштарын кезек-кезек созып, қараушысының қолдарын орап алады. Сегізаяқтар сорғыштарымен қараушыларына ақырын ғана жабысқан кезде, олар бір-бірінің қолын ұстап тұрғандай көрінеді.



Қараушысының қолдарына жармасып жатқан сегізаяқ.

Қазақстандық оқушылар көбіне нақты түрде берілген ақпаратты таба алады.

	Мұхиттар	Мұхиттар
Сұрақ	9. Неліктен өсімдіктер көбінесе мұхиттың жоғарғы қабатында кездеседі?	12. Эверест тауы туралы анимациялық ролик Мариан шұңғымасы туралы білуге қалай көмектеседі?
Түсіну үрдісі	Ақпаратты табу	Бағалау және сынау
Дағдылар	Нақты көрсетілген ақпаратты табу және игеру	Ақпаратты жеткізу үшін анимациялық графиканы пайдалануды бағалау.
Күрделілік деңгейі	Орташа	Ілгері
Дұрыс жауап мысалдары	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Өсімдіктердің өсуі үшін күн сәулесі қажет.</i> • <i>Онда күн сәулесі бар.</i> • <i>Күн сәулесі/күн/жарық түсу үшін.</i> 	<p>2 балл <i>Бұл шұңғыманың әлемдегі ең биік тауға қарағанда тереңірек екенін көрсетеді. Бұл Мариана шұңғымасының Эверест тауының биіктігінен тереңірек екенін түсінуге көмектеседі.</i></p> <p>1 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Бұл шұңғыманың шынымен терең екенін түсінуге көмектеседі.</i> • <i>Мариан шұңғымасының тереңдігі 10 994 метр.</i> • <i>Егер Эверест тауы Мариан шұңғымасының ең терең бөлігіне түссе, ол су астында қалар еді.</i> • <i>Бұл өте терең.</i>
Сипаттама	Жауапта өсімдіктер өсуі үшін күн сәулесіне жақын болу керектігі туралы айтылады.	<p>2 балл Жауапта Мариан шұңғымасы Эверест тауының биіктігінен тереңірек делінген (салыстыру).</p> <p>1 балл Жауапта Мариана шұңғымасының тым терең/биік екендігі немесе Эверест тауы Мариана шұңғымасының деңгейінде немесе су астында болатындығы айтылған (бағалау емес, тек анимацияға сипаттама берілген).</p>
Толық балл алған оқушылардың пайызы	ҚР – 67% Халықаралық орташа – 72%	ҚР: 1 балл – 34% 2 балл – 22% Халықаралық орташа: 1 балл – 38% 2 балл – 21%

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

- PIRLS 2021-де Қазақстан PIRLS шкаласының орташа мәнімен салыстырмалы және Бельгияның француз бөлігін, Грузияны, Әзірбайжанды және Өзбекстанды қоса алғанда, 19 елдің нәтижелерінен жоғары нәтиже көрсетті.
- 5 жыл динамикасында Қазақстан нәтижелерінің 32 баллға төмендеу үрдісі байқалады.
- Жоғары деңгейлерге жеткен оқушылардың үлесі 2016 жылмен салыстырғанда төмендеді.
- Қазақстандық оқушылар ақпараттық (501) мәтіндерге қарағанда әдеби мәтіндермен (508) жақсырақ жұмыс істейді.
- Қазақстандық оқушылар ақпаратты табу және қорытындылар тұжырымдауға (505) қатысты тапсырмаларға қарағанда, түсіндіру, біріктіру және бағалауға (502) арналған тапсырмалармен нашар жұмыс істейді.
- Қазақстандық оқушылар компьютерлік (504) және қағаз (505) форматындағы тестілеу бойынша ұқсас нәтижелер көрсетті.
- Ауыл және қала мектептерінің оқушылары, сондай-ақ оқыту тілдері мен оқушылардың гендері арасындағы алшақтықтың артуы байқалады.



ҰСЫНЫМДАР

- Оқу процесінде ақпараттық мәтіндерді (мысалы, ғылыми-көпшілік кітаптар) пайдалануды кеңейту.
- Шынайы оқу материалдарын пайдалану (мысалы, басқа мектеп пәндеріндегі материалдар, нұсқаулар (мысалы, рецепттер), өмірбаяндар, электрондық пошталар, газет мақалалары, әлеуметтік желідегі жазбалар).
- Оқуға үйретуді басқа пәндермен біріктіру. Оқу сауаттылығы дағдыларын дамыту тек тіл сабақтарында ғана емес, пәнаралық контексте де жүруі қажет.
- Тіл/әдебиет және басқа пәндерді оқытатын мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
- Әртүрлі оқу стратегияларын қолдану, атап айтқанда біріктіру, жалпылау және бағалау дағдыларын дамыту.
- Өз пайымдауларын келтіруді талап ететін тапсырмаларды жиі пайдалану (ашық сұрақтар).
- Оқуға арналған мәтінді таңдағанда дифференциалды тәсілді қолдану. Мәтіннің күрделілігін белгісіз сөздердің үлесі немесе оның байланысуы мен құрылымы арқылы анықтауға болады.
- Цифрлық мәтіндермен, оның ішінде интернет-ортада жұмыс істеу дағдыларын дамыту тәжірибесін қолдану.
- Оқу және цифрлық сауаттылық бойынша оқу бағдарламаларын біріктіру.
- Оқуға үйрету тәжірибесіне цифрлық құрылғыларды енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу.
- Ұлдардың оқу дағдыларына ерекше назар аудару.



МАТЕРИАЛДАР

- Нәтижелердің егжей-тегжейлі талдауы берілген Ұлттық есеп - 2023 ж. III тоқсан
- Құпиялылық режимінен шыққан қазақ және орыс тілдеріндегі тест тапсырмаларының жинағы – 2023 ж. IV тоқсан
- IEA халықаралық есебі: <https://pirls2021.org/>
- Тест тапсырмаларының халықаралық нұсқасы: <https://pirls2021.org/>
- ePIRLS тестін тапсырып көру: <https://www.iea.nl/studies/iea/pirls/2021/take-the-epirls-assessment>





TALDAU
Национальный центр исследований и
оценки образования

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

